

Тегін қаржылай және техникалық көмек ретінде мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға кедендік ресімдеу жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекетінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 717 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1588. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 220 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 256 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.03.2015 № 220 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.03.2015 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын кедергісіз жүзеге асыру үшін техникалық жәрдем көрсету және талаптарын қамтамасыз етуді қоса алғанда, тегін көмек ретінде мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілеу мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Тегін қаржылай және техникалық көмек ретінде мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға кедендік ресімдеу жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекетінің ережесі бекітілсін. 2 . Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Министр Қазақстан Республикасының Келісілді Мемлекеттік кіріс министрі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі 2001 жылғы "___" _____ N ___ бұйрығымен бекітілген 5 маусым 2001 ж. Келісілді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі "___" _____ 2001 ж. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың желілері бойынша тегін қаржылай және техникалық көмектер ретінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелінетін

тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу кезіндегі өзара іс-қимылдарының
Е Р Е Ж Е С І 1. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Мемлекеттік органдардың мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың желілері бойынша тегін қаржылық және техникалық көмектер ретінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу кезіндегі өзара іс-қимылдарының ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, техникалық жәрдем көрсетуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын кедергісіз іске асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз етуді қоса алғанда мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың желілері бойынша тегін көмек ретінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін орнату және рәсімдерін ретке келтіру мақсаттарында әзірленді.

2. Осы Ереже акцизделетін тауарларды қоспағанда тегін қаржылай және техникалық көмектердің шеңберінде өткізілетін тауарларға қолданылады.

3. Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасына тегін қаржылай және техникалық көмектер көрсету жөніндегі халықаралық келісімдер мен шарттарды кедергісіз іске асыру үшін жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (бұдан әрі - Экономика министрлігі) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тәртібі

4. Қазақстан Республикасына тегін қаржылай және техникалық көмектер көрсету туралы халықаралық шартқа Қазақстан Республикасы қол қойғаннан кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Сыртқы істер министрлігі) мүдделі және халықаралық келісімдер мен шарттарды іске асыруға тартылған мемлекеттік органдарды (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) қол қойылғандығы және мемлекетішілік рәсімдерді жүргізудің қажеттігі туралы құлақтандырады.

5. Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының тегін және техникалық көмектер туралы халықаралық шарттарын Қазақстан Республикасының бекіткені туралы хабарлайды.

6. Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының әрбір жеке халықаралық шарты мен тиісті келісім-шарттар бойынша тауарларды алуға және кедендік ресімдеуге жауапты тұлғаны, тауарларды соңғы алушыларды айқындайды және аталған ақпаратты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс

министрлігінің Кеден комитетіне (бұдан әрі - Кеден комитеті) уақытылы
ұ с ы н а д ы .

7. Кеден комитеті осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген мәліметтерді Кеден комитетінің әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу мен бақылау жүргізілетін аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

8. Экономика министрлігі мүдделі шетелдік тұлғаларға техникалық көмектің шеңберінде келіп түсетін тауарларды әкелудің және кедендік ресімдеудің тәртібі
т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

3. Тегін қаржылай және техникалық көмектердің шеңберінде келіп түсетін тауарларды кедендік ресімдеу

9. Тауарларды кедендік ресімдеуді кеден органы бастығының шешімі бойынша оларды уақытша сақтау қоймаларына орналастырмастан және осы Ереженің 7-тармағына сәйкес Кеден комитеті ұсынған, сондай-ақ тауарға ілеспе құжаттар мен Экономика министрлігі тауарларды алуға және кедендік ресімдеуге белгілеген тұлғаның өтінішінде көрсетілген мәліметтердің негізінде Қазақстан Республикасының кеден органдары жүргізеді.

10. Өтініште Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының және тиісті келісім-шарттардың деректемелері, тауарларды жөнелтушілер мен алушылар, тауарларды жөнелтуші елдер мен олардың мақсаты туралы мәліметтер, тауарлардың атауы, сипаттамасы, саны, таза салмағы және құны (акпараттарды электронды таратқыштардың құнын ескере отырып), тауарларды пайдалану мақсаты туралы, сондай-ақ олардың кедендік режимдері туралы мәліметтерді, жүктік кедендік декларацияларды, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді белгіленген мерзімде ұсынатындығы туралы м і н д е т т е м е қ а м т ы л у ы т и і с .

11. Кедендік мақсаттар үшін тауарға ілеспе құжаттар мен өтініш уақытша жүктік кедендік декларация ретінде қаралуы мүмкін.

Тауарлар шыққан күннен бастап 30 күннен кешіктірмей тауарларды алу және кедендік ресімдеу үшін жауапты тұлға Қазақстан Республикасының кеден органына белгіленген тәртіпке сәйкес толтырылған жүктік кедендік декларацияны және кедендік мақсаттар үшін қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті. Бұл ретте Қазақстан Республикасының кеден органы уақытша кедендік декларацияны қабылдаған күнге қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдер қолданылады.

12. Тауарларды кедендік ресімдеу үшін осы Ережеге сәйкес кеден органына
ұ с ы н у қ а ж е т :

1) Қазақстан Республикасының тегін қаржылай және техникалық көмектер

туралы халықаралық шарттарының, тиісті келісім-шарттардың деректемелері немесе орындау үшін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын бағдарламалардың атауы көрсетілуі тиіс көліктік және тауарға ілеспе құжаттарды.

Мұндай белгілер болмаған жағдайда беру жүзеге асырылатын елдің дипломаттық және өзге де оған теңестірілген өкілдіктерінің растауы қажет;

2) Қазақстан Республикасының тегін қаржылай және техникалық көмек туралы халықаралық шартының көшірмесін не оны орындау үшін тауарлар берілетін жобаның (келісім-шарттың) көшірмесін.

Әкелінетін тауарлардың ұсынылған шарттармен және бағдарламалармен әкелу көзделген тауарлармен бірдейлігін қамтамасыз ету мақсатында олардың құны жобада (келісім-шартта) жеке көрсетілуі тиіс.

13. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және мемлекеттік бақылаудың малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және басқа да түрлеріне жататын, сондай-ақ оларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлар осы Ережеге сәйкес тек тауарларды алу және кедендік ресімдеу үшін жауапты тұлғаның мұндай тауарларды тиісті мемлекеттік органдардың рұқсатын алғанға дейін пайдаланбау туралы немесе тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін қажетті рәсімдерді толық көлемде орындау туралы міндеттеме ұсынуы шартымен ғана ресімделуі мүмкін.

4. Қорытынды ережелер

14. Осы Ережеге сәйкес әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады. 15. Егер, тегін қаржылай және техникалық көмектердің шеңберінде жүзеге асырылатын бағдарламаның немесе нақты жобаның үйлестірушісі (ұлттық қарсы агенті) өзге орталық атқарушы орган болған жағдайда Экономика министрлігі ол туралы Кеден комитетіне хабарлайды. Бұл ретте Экономика министрлігі, сондай-ақ аталған орталық атқарушы органға да оның осы Ереженің қағидаларынан туындайтын міндеттемелері туралы хабарлайды. Мамандар: Омарбекова А.Т. Шарипова М.Е.